

## "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 02 наурыздағы № 14/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 наурызда № 3072 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 21/03 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 27.04.2016 № 21/03 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 41 бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 18 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асылбек Серікулы Молдабаевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Аймақов

О с а к а р о в 2 0 1 5 № бекітілген	а у д а н ы ж ы л ғ ы 1 4 / 0 1	ә к і м д і г і н і ң наурыздағы қ а у л ы с ы м е н
---	---------------------------------------	--

## "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі ветеринария саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз

қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 101000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Осакаров кенті, Шеткі бұлақ көшесі, 1.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты табылады.

11. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, күкіттары мен міндеттері**

13. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

аудан аумағында жануарлардың аса қауіпті ауруларынан эпизоотиялық тұрақтылықты және тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ветеринария саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

14. Міндеттері:

- 1) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;
- 2) жануарларды аурулардан қорғау және емдеу;
- 3) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында басқа мемлекеттерден жануарлардың жүқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;
- 5) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою.

15. Функциялары:

- 1) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 2) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоуды ұйымдастыру;
- 3) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын (биотермиялық шұңқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;
- 4) мұдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- 5) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- 6) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру ;
- 7) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай

залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өндеу;

8) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алтың қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне етеу;

9) ауданның аумағында жануарлардың жүқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау бойынша жобаларды дайындау;

10) ауданның аумағында жануарлардың жүқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдау бойынша жобаларды дайындау;

11) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер тізімін бекіту;

12) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

13) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу;

14) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

15) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды:

16) ішкі сауда объектілерінде;

17) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

18) ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарда;

19) экспортын (импорттын) және транзиттін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

20) экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар

ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

21) тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

22) экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өндейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және занды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне жүзеге асыру;

23) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өндеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

24) жеке және занды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;

25) тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

26) уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуін ұйымдастыру;

27) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізу бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

28) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына ақпарат беру;

29) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну;

30) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жануарлардың жүқпалы және жүқпалы емес ауруларының

профилактикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жөнінде ұсыныстар енгізу;

31) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі жөнінде ұсыныстар енгізу;

32) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен сатып алған ветеринариялық препараттарды сақтауды ұйымдастыру;

33) облыстың жергілікті атқарушы органына тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар туралы ұсыныстар енгізу;

34) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

35) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

36) халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету;

37) коммуналдық мүліктің пайдалануына және сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

38) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

## 16. Құқықтары мен міндеттері:

1) ветеринария саласындағы мәселелерді жедел шешу және дамытудың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды қала әкімдігі мен әкімінің қарауына енгізу;

2) "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелері жөнінде мемлекеттік органдардан, сондай-ақ басқа ұйымдар мен азаматтардан қажетті ақпараттарды, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;

3) "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне жататын мәселелері жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, өнірдегі ұқсас мемлекеттік органдармен тәжірибе алмасу, жұмыс берушілермен әрекеттесу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыру және басқа да міндеттерді орындау.

### **3. Мемлекеттік органдың қызметін ұйымдастыру**

17. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекеменің бірінші басшысын Осакаров ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекеменің лауазымды тұлғаларының функционалдық міндеттері мен өкілеттіліктерін анықтайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

3) "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекеменің жұмыс регламентін бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін ынталандыруды, оларға материалдық көмек көрсетуді, тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

5) өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бүйрекшіліктер шығарады және нұсқаулар береді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін ұсынады;

7) ведомстволық бағыныстағы ұйымның басшысымен кеңестер өткізеді;

8) сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және ол үшін дербес жауапты болады;

9) "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымын әзерлеуді қамтамасыз етеді;

10) "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің перспективті және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

11) азаматтардың жеке қабылдауын өткізеді;

12) аудан әкімінің тапсырмаларын орындауды;

13) Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес басқа да өкілеттіліктерді

жүзеге асырады.

"Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

20. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншігінде жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. "Осакаров ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.